

2024-2026

**жылдарға арналған ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы
жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған**

КОНКУРС



Конкурстық құжаттама (КҚ)

Конкурстық
QR-сілтеме
болады:

құжаттамамен
бойынша танысуға



14 бет +
қосымшалар


«Казакстан Республикасы
Ғылым және жогары білім министрлігінің
Ғылым комитеті» ММ-нің 2023 жылғы
«7» желтоқсандағы
№3109-16-14387-1/16-5-17 хатымен
КЕЛІСІЛДІ

«Ғылым коры» АҚ Басқармасының
2023 жылғы «7» желтоқсандағы
№ 48 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе)
ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландырудың негұрлым перспективалы жобаларын
гранттық қаржыландыру үшін конкурстық құжаттама

Астана қ., 2023 ж.

* 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың
негұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыру үшін конкурстық құжаттама



Конкурс мақсаты - нарыққа жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (FFTҚН) практикалық қолдануға жәрдемдесу

Конкурстың негізгі қағидаттары:

- 1) процестің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы кезіндегі транспаренттілігі
- 2) FFTҚН алуға, табыс табуға тартылған тұлғалардың құқықтары мен мұдделеріне кепілдік беру
- 3) экономиканың басым секторларында FFTҚН коммерцияландыруды экономикалық ынталандыру
- 4) білімнің, ғылымның, өндірістің және инновациялық даму институттарының интеграциясы

Негізгі өзгерістер

- ▶ Әдістеме* бойынша FFTҚН-нің (TRL) 6 немесе одан жоғары технологиялық дайындық деңгейіне сәйкестігі
- ▶ Қоса қаржыландыру деңгейін грант сомасынан кемінде 20-35%-ға дейін көтеру
- ▶ Жоба басшысын және/немесе жеке серіктесті ауыстыру коммерцияландыру жөніндегі ҰФК қарауына шығарылады және басшының қайтыс болуы және жеке серіктес таратылған жағдайларды қоспағанда, жобаны іске асырудың бүкіл кезеңінде бір реттен артық емес жол беріледі
- ▶ Грант беру туралы шартты орындау тәуекелдерін гранттың толық сомасына сақтандыру
- ▶ Міндетті нәтижелерді грант сомасының кемінде 15%-на дейін арттыру



* ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023 жылғы 18 шілдедегі «Ғылыми ұйымдар мен зерттеу университеттерінің және олардың әзірлемелерінің технологиялық дайындық деңгейін айқындау (TRL) әдістемесін бекіту туралы» № 112-НЖ бұйрығы

Конкурстық тәртібі

07.12.2023

19.12.2023 -
22.01.2024

+7 жұмыс
күні

+3 жұмыс
күні

Конкурс хабарландыру

Ғылым қоры FFTҚН коммерцияландырудың неғұрлым перспективалы жобаларын гранттық қаржыландыруға конкурс жариялады

Өтінімдерді қабылдау

Өтінімдерді қабылдау сараптама орталығының ААЖ is.ncste.kz сілтеме арқылы жүзеге асырылады. Өтінімдерді қабылдау мерзімі конкурстық құжаттамада айқындалған.

+3 жұмыс
күні

+ 45
құнтізбелік
күн

Өтінімдерді қарастыру

Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін Сараптама орталығы өтінімнің чек-парапқа (КҚ-ға №7 қосымша) сәйкес конкурстық құжаттамаға сәйкестігіне тексеру жүргізеді

Сараптама орталығы конкурстық құжаттамаға сәйкес емес өтінімдерді ААЖ арқылы пысықтауға жібереді

Өтінімдерді пысықтау

Құжаттар топтамасын қалыптастыру

Сараптама орталығы сараптаманың жиынтық қорытындыларын, жобалардың сараланған тізімін қалыптастырады және құжаттар топтамасын FFTҚН коммерцияландыру бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңеске

+ 30
құнтізбелік
күн

жібереді

Жобаларды сараптау

Сараптама орталығы отандық және шетелдік сарапшыларды тарта отырып, өтінімдерге технологиялық және экономикалық (маркетингтік) сараптама жүргізуі үйімдастырады

+5 жұмыс
күні

Ескертулерді түзетуді тексеру

Ескертулер жойылмаған жағдайда сараптама орталығы өтінімді қабылдамайды

2024-2026

Шешім қабылдау

ҰФК өтінімдерді қарайды және FFTҚН коммерцияландыру жобасын қаржыландыру немесе қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды

Хаттаманы жіберу

Сараптама орталығы Қорға қаржыландыруға мақұлданған және қабылданбаған жобалардың тізімі бар ҰФК отырысы хаттамасынан үзінді жібереді

Шарттар жасасу

Ғылым қоры конкурс жеңімпаздарымен, грант алушылармен және жеке серіктестермен жобаларды гранттық қаржыландыру туралы шарттар жасасады

Қаржыландыру

Жобаларды іске асыру кезеңі

Басым бағыттар

- Экология
- Су үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру технологиялары
- Электр энергетикасы. Мұнай-газ химиясы. Көмір химиясы.
- Геологиялық барлау. Тау-кен металлургия кешені. Сирек және сирек жер металдарын өндіру.
- Өндіру өнеркәсібі. Металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі.
- Цифрлық және ғарыштық технологиялар
- Сапалы білім беру
- Денсаулық сақтау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және аурулардың алдын алу.
- Агроөнеркәсіптік кешені. АӨК өнімдерін қайта өндіру.
- Экологиялық туризм, агротуризм, этнографиялық туризм
- Ұлттық қауіпсіздікті нығайту
- Экономиканың өзге де секторлары

* Жобаларды қаржыландыру ЖФТК айқындаған ғылымды дамытуудың басым бағыттары шеңберінде, сондай-ақ елдің стратегиялық құжаттарына сәйкес экономиканың басым секторлары шеңберінде жүзеге асырылады

Негізгі шарттар

- ▶ Грант сомасы
350 млн. ₸ дейін
- ▶ Іске асыру мерзімі
2024-2026 жж.
- ▶ Әдістеме* бойынша FFTҚН-нің (TRL) 6
немесе одан жоғары технологиялық
дайындық деңгейіне сәйкестігі
- ▶ Жобалық топ
4-6 адам
- ▶ Қоса қаржыландыру
грант сомасынан ≥20-35%
- ▶ Фылыми этиканы сақтау.
Берілген ақпараттың толықтығы мен
дұрыстығы.
- ▶ Коммерцияландыру маманының болуы
- * *стартап-компанияда бухгалтердің*
болуы
- ▶ Кіріс көлемі
грант сомасынан ≥15%

* ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023 жылғы 18 шілдедегі «Ғылыми үйымдар мен зерттеу университеттерінің және олардың әзірлемелерінің технологиялық дайындық деңгейін айқындау (TRL) әдістемесін бекіту туралы» № 112-НЖ бұйрығы

Құжаттар тізімі

- технологиялық жоспар
- экономикалық (маркетингтік) жоспар
- өтініш берушіні FFTҚ субъектісі ретінде аккредиттеу туралы күәліктің көшірмесі
- FFTҚН тіркеу нөмірі
- жеке серіктеспен бірлескен қызмет туралы шарттың көшірмесі (бар болса)
- жобалау тобы мүшелерінің жеке басын куәланыратын құжаттардың, дипломдардың, күәліктердің, сертификаттардың көшірмелері, түйіндемелері
- әлеуетті сатып алушылардың өнімге, жұмысқа немесе қызметке мұдделілігін растайтын ниет хаттары немесе алдын ала шарттар (бар болса)
- шығыстар сметасын растайтын құжаттар
- қолданыстағы материалдық-техникалық база туралы құқық орнатушы құжаттардың көшірмелері
- ЗМО-ға қорғау құжаттарының немесе өтініш берушінің өтінімдерінің көшірмелері (бар болса)
- жобаның презентациясы

Іске асыру тетіктері


1. ЖЖОКБҰ / мемлекеттік ФЗИ

Қоса қаржыландыру
грант сомасынан $\geq 20\%$




2. Стартап-компания

Қоса қаржыландыру
грант сомасынан $\geq 25\%$



3. Жеке серіктес / өзге заңды тұлға

Қоса қаржыландыру
грант сомасынан $\geq 35\%$



Қоса қаржыландыру шарттары

- ▶ Қоса қаржыландыру жобаның мақсаттары мен міндеттеріне жүзеге асырылады
- ▶ Ақшалай қаражатпен енгізіледі. Кезеңдер бойынша грант сомасына пропорционалды бөлінеді.
- ▶ Бюджет қаражаты және материалдық салым* қоса қаржыландыру ретінде саналмайды
- ▶ Грант алушы емес ЖЖОКБҰ және мемлекеттік ФЗИ жобаны қоса қаржыландыра алмайды
- ▶ Грант сомасының бірінші траншын аударғанға дейін әрбір кезең бойынша ЕДБ-дан осы кезеңді ≥30% қоса қаржыландырудың болуы туралы анықтама беріледі
- ▶ Гранттың толық сомасына грант беру туралы шартты орындау тәуекелдерін сақтандыру шартын жасасу міндетті**

* * Сақтандыру компаниясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға берілген, қайта ресімделген лицензиялар тізілімінен



Грант Қаражаты есебінен Шығыстар

Грант алушының, оның үлестес тұлғалары мен грант беру туралы шарт бойынша тараптардың жоба шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді жеткізуши болуға құқығы жоқ

Жобалау тобы мүшелерінің еңбегіне ЕАК $\leq 30\%$

Жаңа жабдықтар мен БҚ сатып алу

Өндірістік үй-жайларды дайындау

Шығын материалдарын сатып алу

З-І тұлғалардың жұмыстары мен қызметтеріне ақы төлеу (КҚ 37-тармағын қоспағанда)

Өндірістік үй-жайлар мен жабдықтарды жалға алу $\leq 20\%$

Маркетингтік шығындар $\geq 5\%$

Зияткерлік меншікті қорғау

Операциялық шығыстар, салықтар және бюджетке төлемдер

Жоба нәтижелері

Жобаны аяқтау сәтінде табыс көлемі грант сомасының кемінде 15%-зын құрауы тиіс. Коммерцияландыру жобасы мына тәсілдердің бірімен немесе одан артығымен іске асырылуы тиіс:

1. Өнімдерді өндіру мен сатуды үйімдастыру
(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)

2. Лицензиялық шартты және (немесе) FFTКН құқықтарын басқаға беру шартын жасасу

3. Иске асырылатын жобаға инвестициялар тарту



№1 іске асыру тетігі

грант алушы - ЖЖОКБҰ / мемлекеттік ФЗИ

ЖАЗДЫҚ ЖҰМСАҚ БИДАЙДЫҢ ЖАҢА
СОРТЫНЫҢ ТҮПНҰСҚА ЖӘНЕ ЭЛИТАЛЫҚ
ТҮҚЫМДАРЫН ӨНДІРУДІ ҮЙЫМДАСТАРЫУ

Әтінім беруші және Грант алушы:

«Солтүстік Қазақстан ауылшаруашылық
тәжірибе станциясы» ЖШС



Жоба жетекшісі:

Швидченко Владимир Корнейұлы

- Құрғақшылыққа, тұруға төзімді сорт
- Вегетациялық кезеңі 81-85 күн
- Аурулар мен зиянкестердің зақымдануы стандарттың деңгейде
- 1000 дәннің салмағы 37,4 грамм
- Дәндегі ақуыз мөлшері 14,86%, глютен 28,4%, жалпы наубайхана бағасы 4,5 балл



№2 іске асыру тетігі

грант алушы - стартап-компания

МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ САРАЛАП
ЕҢГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ
ӘНДІРУ

Өтінім беруші: «Сәкен Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық университеті» КЕАҚ

Жеке серіктес: «Целинсельмаш-Астана» ЖШС

Грант алушы: «AGRITECH-КАТУ» ЖШС стартап



Жоба жетекшісі:

Әбілқайыр Дарман Қаратайұлы

**Тыңайтқыш-қопсытқыштың
артықшылықтары:**

- өнімділікті 35-40% арттырады
- өнім сапасын арттырады
- тыңайтқыштарды тұтынуды 30-50% азайтады
- қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетеді



№3 іске асыру тетігі

грант алушы - жеке серіктес / өзге занды тұлға

ЛАМИНАРЛЫҚ АҒЫМДАҒЫ ОТАНДЫҚ
ГЕМОСОРБЕНТТЕР ӨНДІРІСІ

Әтінім беруші: «Жану проблемалары институты»

ШЖҚ РМК

Жеке серіктес / Грант алушы: «Жалын» ФТО

Жоба жетекшісі:

Мансұров Зулхайр Аймұхаметұлы

- дene сүйықтығын тазарту және емдеу
- гемосорбция процесі кезінде жарақаттанудың төмендеуі
- гемосорбентке орналастырылған шикізаттың сорбциялық белсенділігін 100% игеру

(түйіршиктерді қолданған кезде фибриндер желімделеді және шикізаттың сорбциялық белсенділігінің 15% артық емес пайдаланылады)



Жобаны бағалау

36

+

36

+

30

балл

балл

балл

Технологиялық сараптаманың
қорытынды балдары

Экономикалық
(маркетингтік)
сараптаманың
қорытынды балдары

ҰФК мүшелерінің бағалау нәтижелері
бойынша жалпы балдары

Әрбір коммерцияландыру жобасы бойынша шешімді FFTҚН коммерцияландыру бағыты
бойынша Ұлттық ғылыми кеңес жоба бойынша сараптаманың жиынтық қорытындысының
(технологиялық және экономикалық (маркетингтік) балдарын және кеңестің орташа
балдарын және кеңестің қаржыландыруға ұсынымын толық көлемде немесе
қаржыландыруды қысқартта отырып жинақтау жолымен алынған сараланған жиынтық
балл негізінде қабылдайды.

Технологиялық сараптама

бағалау өлшемшарттары

әр өлшемшарт 1 дең 9 баллға дейін бағалаңады

1. Өзектілігі

- Әлемдік экономика үшін жобаны іске асыру маңыздылығының дәрежесін бағалау
- Ұлттық экономика үшін жобаны іске асыру маңыздылығының дәрежесін бағалау
- FFTҚН коммерцияландыру жобаларының ғылыми-техникалық прогрессіндең үрдістері мен басымдықтарына сәйкестігін бағалау

2. Жобаның ғылыми-техникалық әлеуеті

- Жобаның ғылыми-техникалық жаңашылдырының, перспективалығының, әзірлену дәрежесі
- Өнімді (көрсетілген қызметті) нарықтағы аналогтарымен салыстырмалы бағалау
- Жобада қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін іс-шаралардың технологиялық (техникалық) іске асырылуы

3. Жобаның коммерцияландыруға даярлығы

- FFTҚН коммерцияландыру жобасының мақсатына жоспарланатын іс-шаралар арқылы қол жеткізу мүмкіндіктерін бағалау
- Жобаны іске асыру үшін команданың құзыреттілігінің жеткіліктілігі
- Жобаны іске асыру жоспарланатын материалдық-техникалық базаны бағалау

4. Техникалық және өндірістік тәуекелділіктің бағасы

- Техникалық іске асырудың мүмкін еместігін қоса алғанда, техникалық/технологиялық шешімді енгізумен байланысты техникалық тәуекелдер
- Қажетті шикізат базасының болмауын, экологиялық проблемаларды анықтауды қоса алғанда, өндірісті үйімдастырумен байланысты өндірістік тәуекелдер

Экономикалық (маркетингтік) сараптама

бағалау өлшемшарттары

әр өлшемшарт 1 дең 9 баллға дейін бағаланады

1. Маркетингтік зерттеулер

- Коммерцияландыруға ұсынылатын FFTҚН-ды бизнестің қажет етуі
 - Өнімді/көрсетілетін қызметті мүдделі әлеуетті тұтынушылардың бар болуы
 - Географиялық, секторалдық және басқа да белгілер бойынша сәйкестендірілген өнімді/көрсетілетін қызметті сату үшін мақсатты нарықтың пысықталу сапасы
 - Нарық көлемі бойынша расталған деректердің бар болуы
- (Қазақстан мен әлемдік нарық шегінде)
- Өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің қолданыстағы аналогтармен салыстырғандағы бәсекелестік артықшылықтары

2. Жобаның экономикалық көрсеткіштері

- Жобаның бизнес-ұлгисін бағалау
- Ұсынылған экономикалық көрсеткіштердің негізделуі, оның ішінде ұсынылатын өнімнің/ көрсетілетін қызметтің өзіндік құны мен өткізу бағасының негізделуі
- Ұсынылатын команда мүшелерінің санын тарту негізділігі
- Шикізаттың, материалдардың және басқалардың қолжетімділігі

3. Жобаны іске асырудың қаржылық жоспары

- Жобаға сұрау салынатын қаржыландыру көлемінің негізділігі
- Жобаны іске асыру бойынша шығыстар сметасын бағалау

4. Қоса қаржыландырудың бар болуы

- Қоса қаржыландырудың бар болуы (әрбір 3 % қоса қаржыландыруға 1 балл қойылады, оның ішінде ең жоғары балл - 9

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ қеңес

бағалау өлшемшарттары

әр өлшемшарт 0 ден 5 баллға дейін бағаланаады

- 1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінің мәлімделген жоба мақсатына сәйкестігі**
- 2. Ұсынылатын жоба бойынша бұрын өтінім беруші жүргізген ғылыми жұмыстың сапасын бағалау**
- 3. Жобаны іске асыру шеңберінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықты беру туралы мәмілелер жасасу жоспарланған ба**
әрбір 1 мәміле үшін 1 балл; - жоқ - 0 балл
- 4. Экономикалық тиімділігі**
- 5. Қоса қаржыландыру деңгейі**
- 6. Жобаны іске асыру шеңберінде өнімдерді/көрсетілетін қызметтерді болжамды өткізу нарығының географиясы**

Ең жиі кездесетін ескертулер

өтінімдердің конкурстық құжаттамаға сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша

- Коммерцияландыру маманының құзыреттерінің сәйкес келмеуі
- Этаптар бойынша сұратылған грант және (немесе) қоса қаржыландыру сомасының пропорционалды арақатынасын сақтамау
- Қоса берілген құжаттардың әртүрлі тілдердегі ақпараттың сәйкес келмеуі
- Is.ncste.kz порталында толтырылған ақпараттың технологиялық жоспарда, экономикалық (маркетингтік) жоспарларда көрсетілгенге сәйкес келмеуі
- Жобалау тобына қойылатын талаптардың сәйкес келмеуі (құжаттардың болмауы)
- Шығыстар сметасын растайтын құжаттардың болмауы
- Мерзімі өткен құжаттарды ұсыну
- Жобалық топта ҚР резиденті болып табылмайтын тұлғалардың болуы
- Жоба презентациясының конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес келмеуі

КЕҢЕС АЛУ

**IS.NCSTE.KZ ЖҰМЫСЫ
БОЙЫНША**

+7 727 355 5002
ішкі 207, 208, 210, 211, 212, 214, 215, 216, 217,
219, 220, 222, 223, 224, 226, 227, 228

**КОНКУРСТЫҚ
ҚҰЖАТТАМАНЫ
ТҮСІНДІРУ БОЙЫНША**

+7 7172 76 85 76 (ішкі 1051, 1057)
+7 7172 76 85 78, 26 63 59 (ішкі 1012, 1014,
1021, 1032)

ZOOM-ДА КЕҢЕС АЛУ

ID 882 0420 4486, код доступа 2024

жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін, GMT+6, үзіліс 13:00-14:00

жұмыс күндері сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін, GMT+6

КЕҢЕС АЛУ

**ЖОБАЛАРДЫ,
ЕСЕПТЕРДІ, ФФТҚН
ТІРКЕУ МӘСЕЛЕЛЕРИ
БОЙЫНША:**

**IS.NCSTE.KZ ПОРТАЛМЕН
ЖҰМЫС ИСТЕУДЕГІ
АҚАУЛАРДЫ/ҚАТЕЛЕРДІ
ЖОЮ:**

+7 727 378 05 19, +7 727 378 05 20,
+7 727 378 05 28, +7 727 378 05 32,
+7 727 378 05 45, +7 727 378 05 75

+7 727 355 50 02
ІШКІ 222